

Жетісу көшесін Жапар Шаяхметов көшесі атауына өзгерту туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы Үлкенағаш ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 04 наурыздағы N 14 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Панфилов ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 08 сәуірде N 2-16-107 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы "Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 14 тармағына және аудан әкімі жанындағы қоғамдық ономастикалық кеңестің келісіміне сәйкес Үлкенағаш ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Әулиеағаш ауылындағы Жетісу көшесінің атауы Жапар Шаяхметов деп өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау және іс жүзіне асыру ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы И. Бүйенбаевқа жүктелсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Округ әкімі

А. Нурымов